

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Заключение

В 1990-е годы, на фоне подъема национального самосознания, движение «Ата жолы» стало отражением естественного желания части общества возродить уникальную казахскую специфику и приобщиться к традиционной культуре. Стремление к самобытности выражается в возрождении казахской идентичности, сохранении национальных традиций и противостоянии ассимиляции.

В то же время, идеология «Ата жолы» содержит элементы противостояния распространению ислама в Казахстане ввиду опасений так называемой «арабизации» и, как следствие, угрозы национальной идентичности. Так, например, данное противостояние выражается в критике заимствований из арабского и персидского языков («ауызашар» вместо «ифтар», «ақ ұл» вместо «мұғжиза»).

Список использованных источников

1. О ликвидации и запрещении на территории Республики Казахстан окултно-мистических религиозных течений «Аллы-Аят» (фархатовцы) и «Ата Жолы» // Министерство юстиции РК. – 17 марта 2009 г. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30392344 (Дата обращения: 24.03.2024).
2. Что известно о запрещенной в Казахстане секте «Ата Жолы», которая вновь проявила себя в Казани // газета «Караван». – 17 октября 2017 г. URL: <https://www.caravan.kz/news/chto-izvestno-o-zapreshhennojj-v-kazakhstane-sekte-ata-zholy-kotoraya-vnov-proyavila-sebya-v-kazani-402839/> (Дата обращения: 24.03.2024).
3. Стасевич И.В. Дороги предков. Традиционные и современные религиозные течения в Казахстане. Электронная библиотека Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) РАН. URL: https://lib.kunstkamera.ru/files/lib/978-5-88431-239-5/978-5-88431-239-5_99.pdf (Дата обращения: 24.03.2024).
4. YouTube-канал «Kudyrali Mombay». Еске алу - Қыдырәлі Момбай Тарыбаев, д/ф, - 23 июня 2019 г. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=vYbk1SMpVCs> (Дата обращения: 24.03.2024).
5. Vision-блог «akjoltau». Акку-сункары и путь предков (ата жолы), пост – 9 ноября 2014 г. URL: <https://yvision.kz/post/akku-sunkary-i-put-predkov-ata-zholy-438528> (Дата обращения: 24.03.2024).
6. YouTube-канал «Канал Токберген Байтасова», Ақ ұл -Қыдырәлі Тарыбаев және ата жолы туралы, видеоматериал. – 13 апреля 2021 г. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=tZEKi4Ve4Bk> (Дата обращения: 24.03.2024).
7. Нургалиева А.М. Очерки по истории ислама в Казахстане. – Алматы, «Дайк-Пресс», 2005 г. – С.37
8. Гольдциер И. Культ святых в исламе (Мухаммеданские эскизы). – М., 1938 г. – С.16.
9. Басилов В.Н. Культ святых в исламе. М., 1979. С.69.
10. Коновалов А.В. Казахи Южного Алтая (Проблемы формирования этнической группы). – Алма-Ата, 1986 г. С.55.

УДК 21.41.67

СОҒЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ИСЛАМ: ИЗРАИЛЬ МЕН ПАЛЕСТИНА МЫСАЛЫНДА

Кайликперов Аскар Викторович

Askar1992kai@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Дінтану мамандығының 2-курс магистранты, Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекші - Тышхан Кеншилик

Қазіргі әлемде орын алып жатқан қақтығыстардың көбінде дін идеологиялық саяси құрал ретінде қолданылатыны белгілі. Таяу Шығыстағы, соның ішінде Израиль мен Палестина мемлекеттеріндегі толастамайтын соғыстар геосаяси факторлардан бөлек жергілікті бақталастық пен діни қақтығыстар негізінде өрбіді. Осы орайда діннің идеологиялық рөлі мен оның көріністері терең зерттеуді қажет ететін басты тақырып болып табылады.

Дін функцияларының бұрмалануы, шетін көзқарасты енгізу, одан келіп діннің саясиланып радикалдануы – билікке ұмтылушы тараптардың жылдар бойы әзірленген саясаты екені анық. Алайда радикалдану процесі идеологиялық тұрғыда қалай іске асырылады, адамның құндылықтар жүйесі қалай өзгереді, ол қалай мемлекетаралық қақтығыстарға алып келеді деген сұрақтарға жауап әлі толық берілмеді. Уақыт өте келе діни идеологияның құрылымы да өзгереді: құралдар жаңарып, әсер ету тетіктері нығаяды.

Әлем елдері мен Қазақстан қақтығыс жайындағы ислам дінінің идеологиялық көріністеріне қатысты ұстантын саясаты да осы зерттеу жұмысының маңызды бөлігі болмақ. Әлемде өршіп келе жатқан қақтығыстардағы ислам дінінің өзгеруі, идеологиялық рөліне сипат беріп, талдау жасау зерттеудің негізі ғана емес, заман талабы.

Қазіргі әлемнің қақтығыс жағдайындағы ислам дінінің идеологиялық көріністері әртүрлі және өте контекстік болуы мүмкін. Ислам әлемдегі ең ірі діндердің бірі болғандықтан, оның идеологиялық көріністері әлемдегі әртүрлі қақтығыстарға әсер етуі мүмкін.

Біріншіден, ислам діни ілім ретінде бейбітшілік пен әділеттілік принциптерін қолдайтынын атап өткен жөн. Дегенмен, әртүрлі әлеуметтік-саяси контексттерде әртүрлі топтар мен ұйымдар өздерінің саяси немесе әскери әрекеттерін ақтау үшін исламның түсіндірмелерін пайдалана алады. Бұл әлемнің әртүрлі аймақтарында қақтығыстарға әкелуі мүмкін.

Ислам дінін түсіндіруге негізделген зорлық-зомбылық пен Террористік актілерді шақыратын исламистік экстремизм сияқты идеологиялық қозғалыстар бар. Бұл қозғалыстар қақтығыстар мен террористік актілерге қатыса алады, көбінесе діни сенімдерге сілтеме жасайды. Алайда, қақтығыс жағдайында ислам бейбіт келісімдер мен мәдениетаралық диалогтың негізі ретінде де қолданыла алады. Көптеген ислам ғалымдары мен рухани көшбасшылары қақтығыстарды іздестіру бойынша белсенді жұмыс істейді және өз дінінің қағидаларына сүйене отырып, дауларды шешудің бейбіт әдістерін қолдайды. Осылайша, қазіргі әлемнің қақтығыс жағдайындағы ислам дінінің идеологиялық көріністері көп қырлы болып табылады және контекст пен интерпретацияға байланысты жағымсыз да, жағымды да әсер етуі мүмкін.

Қазіргі уақытта әлемдегі ең ірі қақтығыстардың бірі – Израиль мен Палестина арасындағы жанжал. Асылында, ел аузында жүрген қанжоса соғыстың тарихы тереңде жатыр. Араб-израиль арасында болған алты күндік соғыстан басталған қақтығыстың идеологиялық құралдары да уақыт өте келе өзгеріп жаңашалануда.

Палестина-израиль аймағындағы қақтығыстың түп тамыры сонау XX ғасырдың басында жатыр. Таяу Шығыс батыс мемлекеттері арасындағы күрестің бел ортасында қалып, араб және еврей ұлттық қозғалыстары үлкен геосаяси ойынның әлсіз ойыншылары, әрі белсенді қатысушылары болып шықты.

Расында, екі ел арасындағы соғыс Таяу Шығыстағы жағдайды түбегейлі өзгертті. Текетірес өңірдегі бейбіт үдеріске әсер етіп, араб-израиль қарым-қатынастарын одан әрі қиындата түсті. Сонымен қатар шешімі қиын Иерусалим мәселесі екі ел арасындағы жанжалды ушықтыруға себеп болды. Соғыс идеологиясына келер болсақ, дәл осы уақытта дінді саяси құрал ретінде қолданған террористік ұйымдардың әрекеті жанданды. Тереңірек үңілсек, 1967 жылғы алты күндік соғыстан кейін жеңіске жеткен Израиль өз аумағын төрт есе ұлғайтып, артынша парламенттік сайлауға қызу дайындала бастады. Сол кезде қазіргі жанжал аймағы Газа секторы да Израилдің меншігіне өткен болатын. Ал осы соғыста ойсыра жеңілген арабтардың бірлігі мен ұлтшылдық идеясы бұзылды. Дәл сол уақытта сбилік өкілдері халық

арасында экстремистік идеологияны таратып, Палестинада ФАТХ, кейінірек ХАМАС террористік ұйымдары еврейлерге қарсы операцияны ойластырды.

ФАТХ пен ХАМАС Палестинаның саяси үдерісіндегі екі негізгі қозғалыс. Олардың идеологиясында ұқсас тұстарымен қатар айтарлықтай айырмашылықтары бар. Екі қозғалыстың негізгі мақсаты – тәуелсіз Палестина мемлекетін құру жолындағы күрес. Алайда ФАТХ көбірек зайырлы модельге сай келіссөз жүргізсе, ал ХАМАС баса көктеп кіру техникасын қолданады.

Америкалық зерттеуші Дж.Шанцер айтуынша, ФАТХ ұйымы Палестинаны азат ету ұйымының идеяларынан туындады. Бастапқыда партия ұлтшылдық идеясын ұстанып, Израильді жеңуге қабілетті ұйым ретінде өзін танытпақшы болды. Түрік ғалымы Б.Сан Акча партияның идеологиялық негізі бірнеше ағымдардан тұрады деп көрсетеді: панарабизм (немесе нассеризм), социализм, баасизм. Бұл жағдай, ғалымның айтуынша, оның Сириямен тығыз байланысын түсіндіреді.

ФАТХ ұйымының дамуына назар салсақ, партияның бастапқы террорлық әрекеті кейін саяси билікке алып келеді. Ұйымның бірінші басшысы Арафат революциялық -азаттық қозғалысты зайырлы қозғалысқа айналдырып, өзінің Израильмен ресми деңгейде келіссөздер жүргізетінін және экономика мен қауіпсіздік саласында ынтымақтастық орната алатынын дәлелдеді. ФАТХ күрес құралын да өзгертті. Баскесерлер күш қолданудан диалог жүргізу әдістеріне өтіп, тіпті дін істері министрлігін құрды.

Екінші жағынан, шәһид тәрбиелеу идеологиясын да қолданып отырды. Соғыста қаза тапқандар мен тұтқындардың отбасыларын қолдауға арналған қорлар, ақшалай төлемдер жіберіліп тұрды. Жастарды қолдап, партия ішінде «Шабиба» жастар қозғалысының негізі қаланды.

Ғалым Х.Шараби атап өткендей, араб елдеріндегі қазіргі саяси жүйе отаршылдық дәуірінен кейін сырттай ғана жаңартылды. Билік тармақтары бөлініп, қазіргі мемлекеттік институттар мен конституциялар пайда болды. Дегенмен, мемлекет ішінде ескі өмір салты сақталып, басты рөл көшбасшылар мен кландық байланыстардың жеке бастамасына берілді. Билік пен қоғам арасында әлеуметтік келісімшарт жоқ, тек басшыға сөзсіз бағынатын неопатриархалдық жүйе осылай дамыған деседі.

ФАТХ-тың ішінде бірнеше содырлық топтары бар. Қарулы қанаттың бастапқы атауы әл- Азифа болатын, бірақ уақыт өте келе қосымша күштер құрылды. Олардың ішінде «Билік 17» (президентік Гвардия), «Қара қыркүйек ұйымы» (1990 жылдарға дейін жұмыс істеген) және Танзим тобын қамтитын әл-Ақса шәһидтер тобы болды. Осылайша, ФАТХ бастапқыда халық-азаттық қозғалысы ретінде қалыптасып, уақыт өте келе саяси исламды бойына сіңірді.

1987 жылы 20 жылдан астам әскери оккупациядан кейін Газа секторы мен Батыс жағалауда стихиялық көтеріліс басталды. Ол алғашқы «интифада» (арабша «сілкініс») ретінде белгілі болды. Палестина халқының барлық топтарының өкілдері – жастар, әйелдер, балалар, жұмысшылар – жаппай шерулерге, экономикалық бойкоттар мен ереуілдерге қатысып, салық төлеуден бас тартты. Сол уақытта ХАМАС террористік ұйымы сахнаға шығады.

Зерттеуші Шенцер ХАМАС идеологиясын радикалды, утопиялық және экспансионисттік сипатта деп жіктейді. Хамас үшін шарият заң шығарушы және бірігудің негізі ретінде қызмет етеді, сонымен қатар жиһад ұғымын олар қорғаныс саясаты ретінде қолданады. Олар израильдіктермен келіссөз жүргізбейді, тек соғысу саясатын ұстанады.

Ұйымның идеологиясында негізгі рөлді шәһидтерді өсіру бағыты алады. Осы идеология арқылы олар лаңкестік әрекеттерді ақтап, ақшалай көмек көрсетеді. Израильдік ғалым М.Литвак айтуынша, кез келген қақтығыста жаудың образы жын-шайтан кейпінде ұсынылған, ал лаңкестер әрекеті олар не істесе де ақталады.

ХАМАС өз идеологиясында Алла үшін жанын қиған адам жәннатқа барады деп үндейді. Жанкештіге оның ғана емес, отбасының да барлық күнәлары кешіріледі деп уағыздайды.

Сонымен қатар, шәһидтер культін қалыптастырып, лаңкестердің фотосуреттерін көшелерге іледі, кейбіріне тіпті ескерткіштер орнатылады. Ұйымның ресми сайтында

қозғалыстың шейіттеріне арналған жеке бөлімі бар, онда олардың фотосуреттері мен өмірбаяндары берілген. Қаза тапқандардың отбасыларына өтемақы ХАМАС-тың шейіттер қорынан төленеді.

Ұйым өкілдері көпшілік алдында тақуалықты көрсетеді, оның ішінде маңызды намаздар кезінде мешіттерге бару, намаз кезінде ораза ұстау секілді парындарды орындайды.

Онымен қатар, Израильге қарсы қозғалыста сабыр, табандылық (сабат) сияқты исламдық ұғымдарға сүйенеді. Бұл дегеніміз, адам шығыны болса да, қиын материалдық жағдайына қарамастан қазіргі мұсылман мақсатына жету үшін бәріне төзе алады дегенге саяды. ХАМАС-тың қаржыландыру көздеріне келсек, бюджеті жылына шамамен 70 миллион долларға жетеді, бұл соманың шамамен 85% сыртқы донорлардан келеді. Иран «Хезболла» арқылы кем дегенде 22 миллион доллар жіберсе, қаражатының бір бөлігін Катар, сондай-ақ мұсылман қорлары мен жеке тұлғалардан алады. Осы қаражаттың көп бөлігін идеологиясына – шейіт тәрбиелеу мен қару-жараққа жаратады.

Ғалым С.Рой атап өткендей, ХАМАС Палестина қоғамына тереңдей ене алды. Білім беру жүйесіне өз идеяларын енгізіп, студенттердің санасына сионизмге қарсы тұрақты күрес және аумақта тәуелсіз Палестина құру туралы пропаганда жасалады. Университет ішінде исламдандырудың үш негізгі платформасы бар: студенттік кеңес, ислам курстары ағылшын тілінде оқыту және жеке курстар. Сабақтың негізгі тақырыптары: Иерусалимнің иудейленуі, палестиналық босқындардың проблемалары, Израильмен әскери қақтығыстардың бейбіт тұрғындар үшін салдары. Спорт клубтары мен жазғы лагерьлер де ұйымның бақылауында. Жалпы алсақ, ФАТХ пен ХАМАС исламның негіздерін және палестиналық ұлтшылдық идеяларын төменнен қолдап, сақтап қалуға тырысуда. Израильге келсек, бұл мемлекеттің қазіргі әскері азаматтық топтардан құйылған. Ұйым жұмысы 60-шы жылдардан бастап жанданды. Сол кезден бері МОСАД жайлы ақпарат жарияланбайды, өте құпиялықта сақталады.

Израиль идеологиясында адам барлық қатерге дайын болуы қажет, отанға қызмет етіп, міндетті түрде әскерге бару қажет. Дегенмен, әскери жағынан алда болған мемлекет ХАМАС ұйымының лаңкестік актісіне дайын болмады. Кейбір саясаткерлердің болжамынша, бұған елдегі таққа талас да әсер етуі мүмкін. Израильдің Газа аумағындағы ауруханаларға, қоғамдық орталықтарға шабуылы ақпарат кеңістігінде жаппай наразылық тудырды. Бірақ өз кезегінде мемлекет лаңкестермен ешқандай келіссөз жүргізбейтіндігін алға тартып отыр.

Осылайша 75 жылға созылған қақтығыс қайтадан қанжоса соғысқа алып келді. Идеологиясы жағынан екі мемлекет те әскерді жастайынан жауды жеңу, дінге қарсы, отанға қарсы әрекет ететіндер бар деп тәрбиелейді. Ақпараттық соғыста да жаңа технологияларды пайдаланып, жалған ақпаратты (видео, мақала, фотоларды) кеңінен жариялайды. Осылайша өз идеологиясын діннің, адамгершілік қасиеттердің ықпалында жүргізеді.

Бейбіт дәуір мен жаугершілік заман адамзат тарихының әрбір ғасырында кездеседі. Тарихқа жүгінетін болсақ, бір тайпаға не елге соғыс жариялағанда оның мақсаты биік, соғыс мақсаттары әрқашан асыл ретінде алға қойылды, бірақ шын мәнінде соғыс ешбір елге ынтымақ пен береке алып келмейтіндігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Говард М. Сакер. Перевод с английского Виктора Гопмана. Война Судного дня [электронды ресурс];
2. Смирнов М.Ю. Религия между войной и миром, Санкт-Петербург: стр. 369 - 374.
3. В. М. Амиров. Шестидневная война 1967 г. в советском медиапространстве, научная статья / Известия УрФУ. Серия 1. Проблемы образования, науки и культуры. 2023. Т. 29. № 2.
4. М.И. Махмутова. Идеологическая конкуренция ФАТХ и ХАМАС, научная статья / Институт востоковедения РАН.